

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Горшенин Л. Г. Правовое обучение и воспитание учащихся: проект концепции. - <http://ecsocman.edu.ru/direktor/msg/16853349.html>.
2. Ибраева А.С. Правовая культура: проблемы теории и практики. Алматы, 2002.
3. Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысы. 1995 жылғы 21 маусым N 2347.
4. Проблемы правового воспитания в современных условиях Казахстана - <http://legal-clinic.ru/articles.html?id=34>.

\* \* \*

*В данной статье рассмотрены проблемы правового воспитания студентов в условиях современного ВУЗа. Раскрыты понятия правового воспитания, факторы влияющие на правовое воспитание студентов и пути достижения целей правового воспитания.*

\*\*\*

*This article has considered the problems connected with legal education of students in the up-to-date Institute of High Education. There have been studied conceptions of students, factors exerting influence on it and means of achieving its goal.*

ӘОЖ 21:375

**Кенжегулова Ә.А.**

оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

**СТУДЕНТТЕРДІ ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТТА ДАЙЫНДАУ  
ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДІНТАНУ ПӘНДЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ**

Дін - рухани мәдениеттің ерекше формасы ретінде алғашқы қауымдық кезеңнен бері адам өмірінде маңызды орын алады. Адамзат тарихы барысында әр түрлі діни формалар өмір сүрді, адамдар әр түрлі құдайларға сыйынды. Кейбір наным-сенімдер тарих қойнауына сіңіп кетсе, басқалары әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ, ал тағы бірі жаңа заманға бейімделсе, енді бірі жаңадан пайда болуда. Діннің құрылымы өте күрделі болып келеді: сенім, адамның дүниеге деген көзқарасы және ондағы өзінің маңызы, ұстанымдар, құндылықтар, идеалдар, қарым-қатынастар, сыйыну, сонымен қатар, ұйым, иерархиялық құрылым, қасиетті жазбалар, дәстүрлі-мәдени іс шаралар жиынтығы. Діннің адамзаттың күнделікті өміріне енгені соншалық, ол мәдениетпен ұштасып, тек мамандардың ғана емес, қарапайым адамдардың, әсіресе жастардың назарын аударуда. Діни ренессанс жағдайында адамның дінге деген қарым-қатынасы саналы болмақ. Айта кететін жайт, бүгінде қоғам мен адамның дінге және діни мәселелерге қарым-қатынасы күрделі. Фундаменталистік, экстремистік бағыттардың дамуы, дәстүрлі емес діни ұйымдар мен секталардың пайда болуы мен көбеюі діни құбылысқа басты назар аударуды талап етеді. Бұл қызығушылыққа жауап ретінде «Дінтану» пәнін алуға болады [1].

Дінтану – бұл әлеуметтік-гуманитарлық білім кешені. Ол өзіне философияны және дін әлеуметтануын, дін тарихы мен дін психологиясын қосады. Оның басты мақсаты – діннің мәнін, қайнар көзі мен пайда болу себептерін, оның даму сатыларын, қоғам мен адам өміріндегі рөлі мен маңызын, мәдениеттің басқа формаларымен өзара қарым-қатынасын зерттеу. Гуманитарлық білімнің ерекше облысы ретінде, дінтану басқа да гуманитарлық пәндермен бірге философия, әлеуметтану, психология, антропология, тарих, этнография, тіл білімімен шектеседі және адамзаттың әлеуметтік-тарихи және мәдени дамуы кезеңіндегі дінді зерттеуді өзінің мақсаты етіп қояды. Дінтану діннің барлық болмысын қарастыруға

мүмкіндік береді және білім беріп қана қоймай сонымен қатар, діннің мәнін, адам өміріндегі орнын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл курсты студенттерге оқыту қоғам мен мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуында өзекті қажеттілік болып отыр [2].

Бұл курстың мақсаты студенттерді діни бағытта тәрбиелеу немесе діни догматика мен іс-тәжірибені насихаттау болмауы керек. Дінтануды оқыту ҚР Конституциясына сәйкес, фундаментальдық принциптерден бастау алуы қажет. Негізгі заң мемлекеттің зайырлы сипатын бекіте отырып, шіркеуді мемлекеттен, мектепті шіркеуден ажыратады. Конституция өзінің барлық азаматтарына ар еркіндігін, Құдайға сену немесе сенбеу еркіндігін, кез-келген діни сенімді таңдау еркіндігін береді. Осындай сипатта, азаматтық қоғамның негізгі құндылықтары заңды түрде бекітіледі. «Дінтану» оқу пәні студенттердің осы конституциялық құқығын шектемеуі керек [1].

Дінтануда дүниетанымдық, танымдық, аксиологиялық аспектілерді міндетті түрде бөліп көрсету қажет. «Дінтану» оқу курсы ретінде ауқымды тәрбиелік потенциалды қамтиды, студенттердің рухани және адамгершілік сипаттарына ықпал ететін маңызды фактор болып табылады. Дінтану діннің атқаратын қызметі, дін және ғылым, дін және философия, дін және мораль, дін және саясат сияқты мәселелерді зерттеумен айналысады. Дінтану ұлттық және әлемдік діндердің тарихи дамуын қарастырады және әрбір діннің халықтар өміріндегі маңызын, құндылығын, мәнін, орнын ашып көрсетеді. Діннің мәдениеттің әртүрлі формаларымен бірігіп және өзара әрекеттестігін қарастыра отырып, дінтану студенттердің дүниетанымдық көзқарасына, олардың рухани әлемінің негізгі құндылықтарының қалыптасуына белсенді түрде әсер ете отырып, студенттердің сана көзкіеігін кеңейтеді және оның рухани мәдениетінің барлық түрін қабылдауына жол ашады. Сектанттықтың мәнін түсіндіре отырып, дінтану студенттердің назарын мынаған аударады: діни секта өз ұстанымының, адамның әлемнен ажыратылғандығын, басқа адамдардан оқшауландырылғандығын дәлелдегісі келеді және соған сәйкес, адамдар арасында жаулық, бір-біріне сенімсіздік тудырады. Дінтану белгілі бір діни сенімдерді адамдарға күштеп таңуға, басқа діни бағыт өкілдеріне жаулық көзқарас тудыруға тыйым салуды көздейді. Бұл пән дін өкілдері мен конфессиялар арасындағы қарым-қатынас төзімділік пен келісімге негізделуін басты назарда ұстайды. Ол студенттер бойында толеранттылық пен төзімділікті қалыптастыруға, басқа дін өкілдерінің сенімдеріне сыйластықпен қарауын үйретуге бағытталған және конфессияаралық келісімді әртүрлі діни сенімді ұстанатын адамдар мен атеистік бағыттағы адамдар арасындағы қарым-қатынас нормасы ретінде бекітуге ықпал етеді.

Дін өзіне адамгершілік ілімді қосады, ол адамдардың мінез-құлық ережелері мен нормасына, адамдардың тұрмысының жақсаруына, адамдар арасындағы бейбітшілік пен келісімге бағытталған. Дінтану студенттердің назарын адамгершілік нормалары мен принциптерінің сипатына аударады, дін олардың қайнар көзі Құдай деп есептейді және Оның өсиет түрінде көрініс тапқан түрлі тыйымдар мен жазуларын көрсетеді. Діни моральдың ерекшелігі оның Құдайға деген сеніммен тығыз байланыстылығында. Сенім болмаса адамда адамгершілік мінез-құлықтың болуы мүмкін емес. Ал дін адамгершілік қарым-қатынастардың маңызды факторларының бірі болып табылады. Оның этикалық идеалдары мен құндылықтары жалпы адамзаттық сипатта болады, ол әрбір адамға жақын, түсінікті, оның мүмкіндіктері мен табиғи қабілеттеріне сәйкес келеді. Ол адамның қолынан келмейтін нәрсені талап етпейді. Дінтану, діннің адамгершілік мазмұнының гуманистік мәнін аша отырып, оның адам дамуы мен қалыптасуындағы ауқымды потенциалын көрсетеді [3].

Дінтанудың философия, саясаттану, тарих, мәдениеттану, психология сияқты көптеген гуманитарлық пәндер үшін маңызы зор. Философия курсына Ежелгі Үнді, Қытай, ортағасырлық Батыс Еуропа, Шығыс Арабия елдерінің діни философиясы маңызды орын алады. Олар діннің қажеттілігін негіздеп қана қоймай, діни ойлардың мәнін, мазмұнын жан-жақты талдап көрсетуді өздеріне мақсат

тұтқан. Студенттер дін мен қасиетті жазулардың пайда болуы мен дамуының тарихи, әлеуметтік, мәдени алғышарттарын білмей тұрып діни-философиялық ой тұжырымдауы мүмкін емес. Философия үшін дінтану кіріспе пән болып табылады. Бір жағынан, дінтану діни философияны жан-жақты да тереңірек оқуға көмектессе, ал екінші жағынан, философия діннің мән-мағынасын ұғындыруға мүмкіндік береді [3].

Дін – қоғамның өте маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол әлеуметтік қарым-қатынастар мен әлеуметтік іс-әрекеттерді реттеуші. Дін мен әлеуметтік институттардың өзара әрекеттесуі, діннің әлеуметтік қызметі – дінтану мен әлеуметтанудың пәні болып табылады. Дін адамға қоғамның әлеуметтік құрылысын дәл сол күйінде қабылдауға үйретеді. Дінтану - әлеуметтік тәртіп пен тұрақтылықты сақтауға бағытталған діни сана мен әдептің әлеуметтік мәнін ашып көрсетеді. Бұл пән діннің қызметінің әлеуметтік механизмін, оның қоғамдық қатынастар жүйесіндегі орнын анықтайды. Соған сәйкес, дінтану әлеуметтанумен де тығыз байланыста болады [3].

Сонымен қатар, қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі – дін мен саясаттың өзара әрекеттестігі. Тарихта дін саяси мақсаттарға жету құралы ретінде пайдаланылды және оның нәтижелі болғандығын да көреміз. Ал, қазіргі уақытта, дін саяси мәселелерді шешудегі экстремистік әдістерді ақтау құралы болып отыр. «Дінтану» курсына басты мәселе, діннің мәні – қандай мақсатта болмасын, жаулық пен күштеу еместігін түсіндіру болып отыр. Дін керісінше, адамдар арасындағы бейбітшілік пен келісімді басты орынға қояды. Дінтануда сонымен қатар, басты назар аударылатын нәрсе - өз қызметтерінде діни идеяларға сүйенген ұйымдар, партиялар, саяси қозғалыстар. Бұл пән, діни тәжірибе мен діни ілімнің маңызын аша отырып, діни лозунгтар арқасында жүзеге асқан саяси мақсаттар мен саяси идеологиялардың мәнін көрсету. Бұл жағдайда дінтану саясаттанудың мүддесін алға қойып отыр. Дінтануды курсы студенттердің діни сипаттағы саяси оқиғаларға қатысты ойланып, саналы түрде шешім қабылдауына көмектеседі [4].

Қазақстан тарихын оқу барысында тарихи дамудағы діннің рөліне де басты назар аударған жөн. Діннің арқасында көшпенді халық табиғатпен гармониялық байланыс орнатып, шаруашылық өмірлерін, қандық-туыстық қарым-қатынастарын саналы түрде ұйымдастыра алды. Діни-мифологиялық дүниетаным қазақ мәдениетінің рухани негізіне айналды. Ол өз кезегінде қазақ халқының өнерінің, әдебиетінің, ауызша шығармашылығының ерекшелігіне әсер етті.

Осындай сипатта, дінтану дінді жан-жақты қарастырып қана қоймай, басқа пәндердің білімдік, танымдық мәселелерін шешуге көмектеседі. Жоғары білімді маман дайындау жан-жақты гуманитарлық білімді талап етеді. Дінтану курсы арқылы студенттер мәдениет, тарих, қоғам, адам туралы жалпылама білім алады және ол студенттің кәсіби мәдениетін шыңдауға септігін тигізеді. Дінтануды білу, сонымен қатар маман адамның діни сезімі мен көңіл-күйін түсінуі үшін де қажет болмақ [4].

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. *Введение в общее религиоведение.* - М. 2001.
2. *Гараджа В.И. Социология религии.* - М. 2007.
3. *Религия и общество: Хрестоматия по социологии религии.* - М. 1996.
4. *Аринин Е.И. Религиоведение.* – М. 2004.

\*\*\*

*В статье рассматривается роль и место религиозных дисциплин в системе гуманитарного образования и показаны мировоззренческая, аксиологическая значимость религиоведения и раскрыты воспитательные возможности этого курса в подготовке специалистов.*

\*\*\*

*In this article the role and place of religious discipline consideration in the system of humanitarian education and shows peaceful meaning of religious.*